



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мемлекеттік құрылымды қолдау мен нығайту қызметін атқарады. Ол халық арасында толық қолдаушылық тауып, мемлекеттің өзінің заңды, легитимді яғни, демократиялық дамуына негіз болып отыр. Егер мемлекетті қалыптастырушы шын мәнінде халықтың өзі болатын болса, халық мемлекеттік идеологияны өз мақсатындай қабылдайды.

1.Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».

- Астана. – 2014ж. - 17 қаңтар. ҚазАқпарат

2.Мәңгілік ел және Марат Тажин //«Жебе» газеті, 30 қаңтар 2014 жыл

3.Бас редактор: Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, — Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. — 108 бет.

4.Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) — Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. — 144 бет.

УДК 32.019.5

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС : МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ибраев Ержан Ерсайынович

erzhan-83@mail.ru

Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана

«PR» (ағылш. Public relations – бұқарамен байланыс) ұғымы алғаш рет АҚШ-та пайда болды. Дәлірек айтқанда, 1807 жылы АҚШ-тың үшінші президенті Томас Джефферсон Конгреске жолдауында осы ұғымды қолданған болатын. Джефферсонның өзі бұқарамен байланысты саяси институттардың қызметіне деген халықтың сенімін қалыптастыру деп қарастырған болатын (1). Бұқарамен байланысқа қатысты берілген анықтамалардың саны қазіргі таңда 500-ден асып жығылады, бұл осы ұғымға тиісті ортақ пікірдің жоқтығын білдіреді.

PR – бұл сенім мен түсіністікті айқындай түсетін билік пен жалпы жұртшылық арасындағы байланыс ретінде түсінуге болады. Ол билік пен қоғам арасында байланысты арттырып, түсінбестіктің болуына жол бермейді. «Саясаттану» энциклопедиялық сөздігінде PR түсінігіне келесі анықтама берілген: «Қоғаммен байланыс – ұйымдардың арасында өзара түсіністікті қамтамасыз ететін, мемлекеттік және басқа да ұйымдардың мамандандырылған қызметтері. Паблик рилейшнз, мемлекеттік басқару қызметінің маңызды бөлігі, оған қоса басқарушы мен бағынушы ішкі жүйелерді құрайтын адамдар арасында түсіністікті және олардың қызмет ету үрдісін қамтамасыз етуге бағытталады»(2).

Қазіргі уақытта қоғамның өскелең демократиялануы жағдайында мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы олардың жұмыс істеуінің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік билік органдарының шешімдері туралы ақпараттарға деген азаматтардың қолжетімділік деңгейі, құқықтары мен бостандықтары сол қоғамның демократиялылығының дәрежесін білдіреді. Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылатын коммуникациялық саясаттың, олардың бұқарамен байланыс құрылымдарының рөлі артуда. Олардың негізгі міндеттері мемлекеттік басқарудағы демократиялану үдерістеріне қатысу және азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал ету, мемлекеттік органдар қызметінің азаматтарға оңтайлы қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, мұндай PR-құрылымдар бұқарамен байланыс жүйесін қалыптастырып және оны қолдай отырып, мемлекеттік міндеттерді шешу үшін азаматтардың сындарлы, құрылымдық бастамаларының әлеуетін жұмылдыру функциясын да атқарады. Бұл мемлекеттік органдар, қоғамдастық пен БАҚ арасында әріптестік қатынастардың болмаған жағдайында сыртқы қауіптерге қарсы тұра алатын күшті мемлекет пен азаматтық қоғамды қалыптастыру мүмкін емес екендігін білдіреді. Мұндай әріптестік

катынастарды құру, оны қолдау мен тиімді қызмет ету мемлекеттік органдардың ұйымдасуы мен құрылымына байланысты. Мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыс бөлімдері рөлінің артуы осы аталған жағдайлармен түсіндіріледі. Мемлекеттік органдардағы PR-бөлімдер билікпен қабылданатын шешімдерді баяндауды, түсіндіруді қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде азаматтық қоғамды қалыптастыруда қоғамдастық пен БАҚ-тың мемлекеттік билік органдарымен тиімді өзара ықпалдасу үшін қажет. Мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыстың тиімді ұйымдастырылуы мен оның ұтымды қызмет етуі саяси және әлеуметтік салада мемлекеттің қабылдайтын түрлі шешімдерін қоғамның қолдауына ықпал етеді.

Ереже бойынша, мемлекеттік органдарда бұқарамен байланыс құрылымдары ақпараттық ашықтық пен олардың қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін құрылады. Қоғам тарапынан түсіністікке қол жеткізу үшін мемлекеттік органдарда өзінің қызметі жайында, қабылданып жатқан шешімдер мен елдегі ахуал туралы ақпарат толыққанды ақпарат қажет. Бұл міндеттерді мемлекеттік органдардағы ақпараттық басқаруды жүзеге асыратын PR-бөлімдер атқарады.

Мемлекеттік билік органдары көп жағдайда ақпараттың жабықтығы, жоғары мемлекеттік шенеуніктердің қоғамда тиімсіз басшы ретінде жүргізген саясатын бұқараға түсіндіру қажеттілігі, сондай-ақ жалпы алғанда мемлекеттік билікке қатысты туындайтын сенімсіздік сияқты проблемалармен жиі ұшырасады. Аталған проблемаларды бұқарамен байланыс қызметі немесе бөлімдері, баспасөз қызметі, ақпараттық-талдау қызметі және басқа да осыған ұқсас бөлімшелер шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда Қазақстандағы қазіргі қоғаммен байланыс негізінен 4 салада дамып келеді.

- 1) үкіметтік PR;
- 2) саяси PR;
- 3) коммерциялық мекемелердегі PR;
- 4) PR туралы білім беру саласы (3).

Осы аталған салаларға сәйкес елімізде PR саласындағы мамандардың түрлі атаулары бар:

1. Баспасөз хатшысы (Пресс-секретарь)
2. Ресми өкіл
3. Қоғаммен байланыс маманы
4. Қоғаммен байланыс менеджері
5. PR менеджер
6. Саяси технолог
7. БАҚ-пен байланыс маманы.

Қалыптасқан ереже бойынша бұқарамен байланыс қызметін құрудағы келесідей негізгі мақсаттарды атап көрсетуге болады:

- қызметтегі ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету;
- азаматтармен және бірлестіктермен байланыстарды орнату;
- бағдарламалар мен шешімдер жасау және оларды жүзеге асыруда азаматтармен және олардың бірлестіктерімен әріптестікке атсалысу;
- заңнаманы жүзеге асыруға ықпал ету;
- азаматтық қоғам институттарының қалыптасуына септігін тигізу.

Аталған мақсаттарға сәйкес мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыс бөлімдерінің негізгі қызметтері айқындалады:

- мемлекеттік органдардың және мемлекеттің қатысуымен болатын ұйымдардың ақпараттық саясатын бақылау (мониторинг) және ақпараттық кеңістікке талдау жасау;
- ақпараттық саясатты қалыптастыру және мемлекеттің мүдделеріне сәйкестендіру, үйлесімдеу;
- ақпараттық саясатты жүргізуде ішкі және ведомствоаралық қайшылықтарды жою.

Бір сөзбен айтқанда, бұқарамен байланыс қызметі мемлекет пен қоғам арасында делдалдық рөл атқарады. Бұл өз кезегінде PR-бөлімдері қызметінің негізгі бағыты – мемлекеттік орган қызметі жайында қоғамды ақпараттандыру функциясын білдіреді.

Мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыс бөлімдері өздерінің тиімді қызмет етуі үшін келесідей негізгі міндеттерді атқарады:

- министрліктің, ведомствоның немесе ұйымның нақты бағдарламасына негізделген ақпараттық саясаттың айқын стратегиялық мақсаттарын тұжырымдау. Бұқарамен байланыс қызметімен жүзеге асырылатын мемлекеттік билік органдарының ақпараттық саясаты жүйелі ойластырылған корпоративтік стратегияға негізделген нақтылы бағдарламаларға немесе шынайы өндірістік жобаларға бағытталуы тиіс.

- Бұқарамен байланыс бөлімдерінің қызметі тиісті ұйымның нақты жасалған ақпараттық саясатының шеңберінде жүзеге асырылуы қажет. Мақсаттары мен міндеттері тиісті құрылымның мемлекеттік саяси және экономикалық мүдделерімен қабысуы керек.

- Ақпараттық кеңістікті тұрақты түрде бақылауды (мониторинг) қамтамасыз ету, сондай-ақ, БАҚ хабарлайтын ақпараттың мазмұнын, толықтығын және шынайылығын ішківедомстволық, ведомствоаралық немесе ішкікорпоративтік жіті қадағалау.

- Бұқарамен байланыс бөлімдері өздерінің қызметінде қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал ететін арнайы құралдар мен тәсілдердің, ақпараттық технологиялардың соңғы жаңы үлгілерін пайдалануы тиіс. Бұл құралдар мен технологиялар:

- коммуникацияның субъектілері мен объектілері арасындағы тиімді өзара ықпалдасуға;

- оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ақпараттық кеңістікті бақылауға(мониторинг);

- жеке немесе корпоративтік имиджді қалыптастыруға және қолдауға;

- қажетті қоғамдық пікірді қалыптастыруға;

- шиеленістерді ескеру мақсатында жағдайға болжам жасауға бағытталуы қажет.

Атап кететін жайт, мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыс бөлімдерінің барлық аталған мақсаттары, міндеттері мен қызметтері заңды түрде бекітілуі тиіс. Бұл PR-қызметтерінің жұмысын бақылау мен олардың қызметінің тиімділігін бағалау қажеттілігімен байланысты. Бұл үшін әрбір мемлекеттік билік органдарында аталмыш құрылымның қызметін реттеуге мүмкіндік беретін бұқарамен байланыс қызметі жөніндегі ережелер құрылады.

Әрбір мемлекеттік органдарда бұқарамен байланыс бөлімдерінің өзіне тән құрылымы болады, бұл олардың қызметтері туралы тиісті ұйымның бекітілген ережесінде көрсетілетін функцияларды атқаруға мүмкіндік береді. Бұқарамен байланыс қызметінде кең көлемді міндеттерді шешу үшін түрлі бөлімдер құрылады. Бұқарамен байланыс қызметінің жалпы құрылымы келесідей сипатта болуы мүмкін:

- Ақпараттық-талдау орталығы, оның міндеттері:

- қажетті ақпаратты жинақтау;

- анықтама дайындау;

- ақпараттық кеңістікті бақылау (мониторинг);

- ақпараттық анықтама қызметін қалыптастыру.

- Оқу-әдістемелік және өзара ықпалдасуды үйлестіру (координациялау) орталығы:

- семинарлар мен тренингтер жүргізу;

- коммуникативтік технологиялар және басқа да салалар бойынша арнайы әдебиеттер мен әдістемелік құралдар дайындау және шығару.

- PR және жарнама акцияларын, семинарларды, кездесулер мен басқа да атқарылатын іс-шараларды тіркеу;

- Жүргізілген іс-шаралардың бейне-, сурет материалдарының мұрағатын жасау.

- Ақпараттық коммуникацияның бірыңғай жүйесі:

- қажетті жеке және корпоративтік имидж қалыптастыру;

- тиісті сала қызметіне қатысты қоғамдық сыни пікірлерге оңтайлы жауап беру және иммунитет қалыптастыру;
- бірыңғай ақпараттық саясат арнасында іс-шаралар жүргізу;
- қажетті қоғамдық пікірді қалыптастыру және оны қолдау.
- атқарылған іс-шаралар, шиеленістік жағдайлар жайында ақпараттар алу;
- әріптестермен жедел өзара ықпалдасу.

Осылайша мемлекеттік органдардағы бұқарамен байланыс қызметі оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қажетті жағдай жасауға, қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға және оны қоғамға жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда тәжірибе көрсеткендей, өтпелі кезеңдерде бұқарамен байланыс қызметінің маңызы зор болады, олар халықтың санасына, қоғамның құндылықтары мен мақсаттарына әсер етіп, қандай да бір әлеуметтік-саяси өзгерістерді қолдауға ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Портал справочной и аналитической информации о связях с общественностью - <http://pr.web-3.ru/pr/historypr/>
2. Политология: Энциклопедический словарь / Общ. ред. и сост. Ю.И. Аверьянова. М., 1993. –С.236.
3. Қалыбай Ж.С. Қазақстандағы PR : даму жолы, проблемалары, болашағы // Қазақстандағы PR мен БАҚ: Ғылыми еңбектер жинағы. «PR мен БАҚ: тарихы мен тәжірибесі» сериясы бойынша / Құрастырушы - тарих ғы-лымының докторы, политология профессоры Л.С.Ахметова.— Алматы: Нұр, 2003. – Б. 41.

ИМИДЖЕЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН ОНЫҢ САЯСИ ҒЫЛЫМДА АЛАР ОРНЫ

Ибраева Айғаным

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті Журналистика және сая-
саттану факультеті Қоғаммен байланыс
мамандығының 4-курс студенті,
Астана қаласы

Имидж - ғылыми зерттеудің жаңа бағыттарының бірі. Ол ағылшын тілінен аударғанда «image»-«бейне» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде имиджді зерттейтін арнайы өзіндік ғылыми сала қалыптасқан. Ол XX ғасырдың 50 жылдары пайда болған, имиджеология деген атқа ие болды. Бұл ғылым саяси лидердің, саяси басқарудың, партияның, саяси психологияның және саяси технологияның сайлауға қатысу және т.б. табиғатын зерттейтін интеллектуальды ізденісі болып табылады.

Саяси ғылымның жалпы әдістемелік парадигмаларына негізделі отырып, имиджеология саяси білімді толықтырады, саяси үрдістер мен қатынастардың даму тәжірибесін, саяси институттардың қызмет етуін талдайды, саяси жетекшіліктің заңдылықтары мен ерекшеліктерін, саяси элиталардың, ресурстардың, үрдіс және биліктің түрлерін зерттейді.

Имиджеология саяси және мәдени факторлардың әсерін бастан өткізе отырып, белгілі бір өркениетті орта қалыптасу негізінде жүзеге асады. Оның пайда болуы мен дамуы саяси құндылықтардың қалыптасуымен, трансляциясымен, сонымен қатар саяси қатынастардың жаңа түрінің пайда болуымен байланысты. Имиджеология көп жағдайда өзінің уақытына, нақты тарихи және өркениеттік жағдайларға, қоғам жүйесіндегі саяси-идеялық көзқарастардың даму деңгейіне, олардың дүниетанымына және саяси мәдениетіне тәуелді.